ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 12 июня №7119-24-00-2/6534 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Тәттімбет атындағы № 1 өнер мектебі" МКҚК

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Центр Тренинг плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жеке кәсіпкер «Райхан» Райхан Бибер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Тәттімбет атындағы № 1 өнер мектебі" МКҚК «Центр Тренинг плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Райхан» Райхан Бибер ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызы - қанағаттандырылсын.

«Центр Тренинг плюс" ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Центр Тренинг плюс" ЖШС мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Райхан» Райхан Бибер ЖК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 12.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 30.07.2024
7119-24-3-1/6063

«Райхан» Райхан Бибер ЖК мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Райхан» Райхан Бибер ЖК жеке кәсіпкерден тұрақсыздық айыбын 4 080 (төрт мың сексен) теңге, 122 (екі жүз жиырма екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж және 400 (төрт жүз) теңге банк комиссиясын Астана қаласы әкімдігінің "Тәттімбет атындағы № 1 өнер мектебі" МКҚК пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 12.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 30.07.2024